Бекітемін:
«Бақжан» бөбекжай-бақшасы
ЖШС «Бағым» филиалы
меңгерушісі:
_______Хакимжанова Д.А.

# «Сұңқар» аралас тобының (3,4,5 жастағы балалар) перспективалық жоспары 2025-2026 оқу жылы

Тәрбиеші: Тәжібаева Ж.

# МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ 2025 – 2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

**Білім беру ұйымы:** "Бақжан" бөбекжай-бақшасы «Бағым» филиалының
**Тобы:** «Сұңқар» аралас тобы
**Балалардың жасы:** **3,4,5** жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 2025-2026 оқу жылы, қыркүйек айы

| Ұйымдастырылған іс- әрекет | Ортаңғы топ ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Ересек топ ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Мектепалды топ ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|---|
| | **«Менің Отаным- Қазақстаным» айы** | | |
| **Физикалық қасиеттерді дамыту**<br><br>Дене тәрбиесі | **Негізгі қимылдар:**<br>Жүру: Шеңберге тұру, аяқтың ұшымен, өкшемен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), шеңбер бойымен бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру. Қауіпсіздік шараларын сақтау.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар:**<br>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; белге қою, кеуде тұсына қою; Кеудеге арналған жаттығулар. Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Оңға, солға еңкею. Аяққа арналған жаттығулар. | **Негізгі қимылдар:** Жүру: өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру.<br><br>**Жалпы дамытушы жаттығулар:**<br>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар.Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; белге қою, кеуде тұсына қою; Кеудеге арналған жаттығулар. Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Оңға, солға еңкею, шалқаю. Аяққа | **Жалпы дамытушы жаттығулар**.<br><br>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою.<br><br>Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру.<br><br>**Негізгі қимылдар**:<br><br>Жүру: сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылдату.<br>**Қимылды ойындар:**<br>Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту.<br>**Дербес қимыл белсенділігі:**<br>Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру.<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы**<br>**«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»**<br>**-«Күш сынаспақ».**<br>Қазақтың әдет-ғұрпымен таныстыру. Дәстүрлік таным түйсігін дамыту.<br>**Ақ серек көк серек”**<br>Балаларды «ақ серек, көк серек» ойынымен таныстыру. Ойын ойнатып, қимыл-қозғалыстарын, дене бітімін қалыптастыру. Ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**- «Арқан тарту» ойыны.**<br>Балаларды ұйымшылдыққа, шапшаңдыққа,шымырлыққа тәрбиелеу.<br>«Жарысқа шық, жанұя»(ата-аналардың арасында)<br>**-«Орамал тастамақ» ойыны .**<br>Балалардың сезіну қабілеттерін, байқампаздығын дамыту. | арналған жаттығулар. Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылдату.<br><br>**Қимылды ойындар:**Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту.<br><br>**Дербес қимыл белсенділігі:**<br>Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»**<br><br>**-«Күш сынаспақ».** Қазақтың әдет-ғұрпымен таныстыру. Дәстүрлік таным түйсігін дамыту.<br>**-«Түлкі мен балапандар ойыны».**Ұйымшылдыққа, шапшаң және шыдамды болуға үйрету.<br>**- «Арқан тарту» ойыны.**<br>Балаларды ұйымшылдыққа, шапшаңдыққа,шымырлыққа тәрбиелеу.<br>«Жарысқа шық, жанұя»(ата-аналардың арасында)<br>**-«Орамал тастамақ» ойыны.**Балалардың сезіну қабілеттерін, байқампаздығын дамыту. | заттардан бір қырымен аттап жүру; белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру, қолдың<br><br>бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру; ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру; заттардың, кегльдердің арасымен, жіптерден аттап жүру; қосалқы қадаммен алға қарай жүру.<br><br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**.<br><br>Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау.Қимылдардыңырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру.<br><br>**Қимылды ойындар.**<br><br>Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өзбетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.Балаларды жарыс элементтері бар<br><br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br><br>Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру.<br><br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | **бағдарламасы**<br><br>**«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»**<br><br>**- «Бестемше-ойыны.** Ойлау жүйесін дамыту, дербестікке үйрету. Есте сақтау қабілетін дамыту.<br>-**«Бестемше.Атсырау ережесі».** Тәрбиеленушілерді шапшаң әрі шыдамды<br><br>болуға, ұйымшылдықққа үйрету.<br><br>**-«Дарабоз» (тәрбиеленушілердің арасында )** Балаларға туған елін, отбасын сүюді үйрету. Ұлттық құндылықтарды бойларына сіңіру<br><br>**-«Жарысқа шық, жанұя» (ата-аналардың арасында) 4-апта**<br><br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру.**<br><br>Өзінің көңіл-күйін сипаттай білуге үйрету. Балаларды дені сау адамның мүмкіндіктерімен таныстыру, олардың салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру.<br><br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.**<br><br>Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну дағдысын қалыптастыру.<br><br>Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау.Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.<br><br>Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру.<br><br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br><br>Таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Коммуникативтік дағдыларды дамыту**<br><br>Тіл дамыту | **«Өнегелі 15 минут»** Қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дауысты (а, ә, е, о, ұ) дыбыстарды анық айту.<br>**Сөздік қор.**<br>Балалардың сөздік қорын ойындар арқылы кеңейту.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, өз ойын айтуға үйрету. | **«Өнегелі 15 минут»** ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге карауға, Мабильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, алып оқыу, суреттерді қарауға, табиғат дамытушы ортада құстарды, балықтарды қоректендіруге мүмкіндік беру. Ата-ананың үйде балабақшада балаға көңіл бөлуіне жағдай жасау ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру;<br><br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**.**Міндеті:**Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру.Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру:<br><br>**Сөздік қор.Міндеті:**Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау. **Тілдің грамматикалық құрылымы. Міндеті:**<br><br>Сөйлемдегі сөздерді | **«Өнегелі 15 минут»** ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру.<br><br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**:<br><br>Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п,г-ғ,к-қ,ж-ш,з-с,н-ң,р-лдыбыстарды дұрыс,анықайтудыүйрету.<br><br>**Сөздік қор.**<br><br>Балалардың сөздік қорынт ұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен,заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен,адамдардың қарым-қатынасын,олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту.<br><br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**:<br><br>Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдердізатесімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.<br><br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br><br>Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру,<br><br>**Шығармашылықпен сөйлеу қызметі**. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір).<br><br>**Байланыстырып сөйлеу. Міндеті:**Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.<br><br>**1-Апта Ойын аты: «Дос болайық бәріміз» Міндеті**: ұжымда бірлікті қалыптастыру. Балалар бір-бірінің артына тұрады да, алдында тұрған баланың иығынан ұстайды. Осы қалыпта олар әртүрлі кедергілерді еңсереді:<br><br>**2-Апта Ойын аты: «Түрлі түсті шарлар»Міндеті:** Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану**.**<br>**3-Апта Ойын аты: «Әдепті сөздер шеңбері» Міндеті:** сыпайы қарым-қатынас жасауға үйрету, зейінділікке, | Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару дағдысын дамыту |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | мейірімділікке баулу. Балалар шеңберге тұрады, бір-біріне ойыншықты бере отырып, әдепті сөздер айтады.<br>**4-Апта Ойын атаы: «Достық көмек» Міндеті:** балаларды зейін қоюға, мейірімділікке, досына көмектесуге тәрбиелеу. | |
| Көркем әдебиет | **«Балалар кітапханасы»-жобасы:** Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, балалардың пікірлерін тыңдау.<br>**«Ұшқыр ой алаңы» жобасы**<br>Жаңа ертегілерді, әңгімелерді тыңдай білуге баулу. | «**Балалар кітапханасы**» жобасы аясындаға балалар кітапханасы Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңді жаттауға үйрету.Тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу<br><br>**Көркем әдебиет: Міндеті:**Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу.<br><br>**1-Апта Ойын аты: «Бала бақша жайлы мекенім» Міндеті;** | **«Ұшқыр ой алаңы» жобасы**<br>Балаларды қолжетімді көркем шығармалармен фольклорға,театр әлеміне баулу,кітапқа деген қызығушылығын дамыту.<br>Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне,иллюстрацияларына аудару. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру;<br><br>**2-Апта Ойын аты:Үстел үсті ертегілер.Міндеті:** Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.<br>**3-Апта Ойын аты; Кітапхана бұрышын:Міндеті:** Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау.<br>**4-Апта Ойын аты;Бала-бақша кітаханасына саяхат.Міндеті:** Жаңа. ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау. | |
| Сауат ашу негіздері | | | Сөз" және "дыбыс" терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру.<br><br>Қолды жазуға дайындау: жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру және қаламды немесе қарындашты дұрыс ұстауға үйрету. Сызбаларды (штрихтарды), жиектерді салуға |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | үйрету. Геометриялық фигуралардың,көкөністер,жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру,бояу. |
| Қазақ тілі | **«Апта дәйексөздері»** аптаның дәйексөздері.<br>**1-апта** - «Отан -оттан да ыстық»<br>**2-апта** - «Отан отбасынан басталады»<br>**3-апта-** «Отансыз адам-ормансыз бұлбұл»<br>**4-апта -** «Туған елдің түтіні де ыстық»<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты өздігінен дұрыс айтуға баулу.<br>**Сөздік қор.**<br><br>Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату.<br>(Ата, Бала, Қонжық -Жуан сөздер)<br>(Әже, Көке, Үй -Жіңішке сөздер)<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту. | **«Ұшқыр ой алаңы»Тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу. Тілдік дамытушы орта.Міндеті:**Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.Міндеті:**Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту.Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.<br>**Сөздік қор. Міндеті:**Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.<br><br>**Апта дәиек сөзі:1-‘‘Отан-оттанда ыстық‘‘**<br><br>**2- ‘‘Көп еңбек еткенге бақыт басын иеді‘‘** | **Тілдік дамытушы орта.**<br><br>**«Апта дәйек сөздері»**<br><br>**1-апта «Білім - қымбат қазына, қанағат түтпа азына» (Мұзафар Әлімбаев)**<br><br>**2-апта «Жанұям - қорғаным, ата-анам - тірегім!»**<br><br>**3- апта «Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға!»/Абай/**<br><br>**4- апта «Еңбек - жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы.» /Абай/**<br><br>Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту.<br><br>Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуді ынталандыру.<br><br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br><br>Фонематикалық естуді дамыту,сөздегі дыбыстардың орнын анықтауды жетілдіру(басы,ортасы,соңы). |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | **3-‘‘Болашағы зор мамандықтар жоқ тек болашағы зор мамандар бар‘‘**<br><br>**4-‘‘Білікті білім жинап кәсәп етер,білімнің дәмін татып өсіп өнер‘‘** | **Сөздік қор.**<br><br>Шағын өлеңдер,санамақтар,жаңылтпаштар,тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу.Балаларды шешендік өнерге,айты сөнеріне баулу.<br><br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**<br><br>Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолданабілуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білудіжетілдіру.Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.<br><br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br><br>Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқияттыңдауаға,сұрақтарды дұрыс қоюға,оғанқысқа және толық нақты жауап беруге баулу. |
| **Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту**<br><br>**Сенсорика / Математика негіздері** | **Сан.**<br>"Көп", "бір" ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру.<br>**Шама.**<br>Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыру.<br>**Геометриялық пішіндер**<br>Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру. | **«SMART BAIA»Инновациялық жобалар конкурсы арқылы құндылықтарды дәріптеу.«Теңге алу», «Айырмашылығын тап», «Банкомат», «Ақшаны жұмсауды үйренеміз», «Әмиян», «Дүкен»** ойындары - қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді (заттарды тексеріп қарау, зерделеу, олардың көлемін көзбен өлшеу, көзбен көріп ойлауды, есте сақтауды, қиялды, ұсақ қол моторикасын дамыту. | **Қаржылық сауаттылық**<br>математикалық, конструктивтік ойлау дағдыларын, танымдық, интелектуалдық қабілеттерін дамыту.Заттарды зерттеу барысында олардың пішін көлемін көзбен өлшеу қолмен ұстау арқылы көрнекі бейнені ойлауды, есте сақтау қиялдауды, қолдың ұсақ маторикасын дамыту, (ойындар: Теңге алу, Айырмашылығын |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Кеңістікте бағдарлау.**<br>Өзінің дене мүшелерін бағдарлау (аяқ, қол, бас, саусақ, шаш)<br>**Уақытты бағдарлау.**<br>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке. | **Жиын. Міндеті;** Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу.<br>**Сан санау.Міндеті:** 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға "нешінші?" сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, "барлығы қанша?" сұрағына жауап беруге үйрету.Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, "қанша болды?", "қаншасы қалды?" сұрақтарына жауап беруге үйрету.5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру.<br>**Шама,Міндеті;**Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жіңішке сын есімдермен белгілеу. Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру. | тап, Банкомат, Тенге бинго, Ақша жұмсап үйренеміз, Әмиян, Дүкен т.б.)<br>**Жиын.**<br>Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні,<br>дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру, жиындарды бөліктерге<br>бөлу және оларды қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында<br>байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші<br>екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне<br>қатынасы негізінде салыстыру.<br>«Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір<br>бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру.<br>**Сан және санау.**<br>10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | **Геометриялық фигуралар.Міндеті:**Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең).<br>**Кеңістікті бағдарлау.Міндеті:**Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр).<br>**Уақытты бағдарлау.Міндеті;**Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, "бүгін", "кеше", "ертең" туралы ұғымдарын кеңейту.<br>**1-Апта.Ойын аты; «Бірдей заттарды топтастыр»Міндеті**: Заттарды зерттеу барысында олардың пішінін, көлемін көзбен өлшеу, қолмен ұстау арқылы көрнекі-бейнелік ойлауды, есте сақтауды, қиялдауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту<br>**2-Апта.Ойын аты: «Заттар неге ұқсайды»Міндеті**: Геометриялық | **Шама.**<br>Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын<br>анықтай білу<br>**Геометриялық фигуралар.**<br>Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен<br>таныстыру.<br>**Кеңістікті бағдарлау.**<br>Кеңістік туралы түсініктерді бекіту:<br>**Уақытты бағдарлау.**<br>Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы<br>білімді бекіту. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру арқылы ажыратуды үйрету.<br>**3-Апта.Ойын аты:«Дүкенші»Міндеті:** Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, "қанша болды?", "қаншасы қалды?" сұрақтарына жауап беруге үйрету.<br>**4-Апта.Ойын аты: «Кім екенін тап»Міндеті:** Сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру, ұжыммен жұмыс істей білуге үйрету,эстетикалық талғамды қалыптастыру, балалардың ой-өрістерін кеңейту;балалардың ойлау түйсіктерін дамыту: | |
| **Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту:**<br>Құрастыру | **«Smart bala» жобасы**<br>Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру. Конструкторлардың түрлерімен таныстыру (үшбұрыш, шаршы, дөңгелек, төртбұрыш)<br>Ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу. | **«Шабыт»Жобасы** Білім алушылардың шығармашылық әлеуметін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу.Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы іске асырылады**.**<br>**Сурет салу.Міндеті:** Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру. | **«Қамқор» жобасы Құстарға ұя саламыз**, ата-анамен бірге өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу. Құрастырылғанзат ұяның шынайы бейнесі арасында байланыс орнату. Әже өсиеті, Әке шапағаты, Ұрпақ сабақтастырғы жоба жұмыстарын жүргізу.<br>**Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру.**<br>Ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа,өз бетінше ойдан құрастыруға баулу |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | **1-Апта;Ойын аты: «Есіңе сақта және суретін сал»Міндеті:** Түрлі балалар әрекетінде балалардың көркем-шығармашылық қабілеттерін, дербестігін, белсенділігін дамыту.<br><br>**Құрастыру,Міндеті:**Құрылыс материалдарынан, "лего" конструкторлардан құрастыру.Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру, құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру.<br><br>**4-апта;Ойын аты: «Құстарға ұя құрастыру»Міндеті:** Құрылыс материалдарынан, "лего" конструкторлардан құрастыру. Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру, құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау, | **Қағаздан құрастыру.**<br><br>Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді,оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру.<br><br>**Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу.**<br><br>Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдануды жетілдіру.<br><br>**Табиғи,қалдық материалдардан құрастыру.**<br><br>Табиғи материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету. Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс жасау кезінде өзінің әрекетін жоспарлау дағдыларын жетілдіру |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Сурет салу | Көлденең және тік сызықтарды салу. Олардың қиылысуын жүргізе білу, бейнелеу.<br>Әр түрлі пішіндегі көгөністер мен жемістер бейнелеу.<br>Әр түрлі пішіндегі ыдыс-аяқ бейнелеу.<br>Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. | **«Шабыт»Жобасы** Білім алушылардың шығармашылық әлеуметін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу.Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы іске асырылады.<br>**Сурет салу.Міндеті:** Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру.<br>**1-Апта;Ойын аты: «Есіңе сақта және суретін сал»Міндеті:** Түрлі балалар әрекетінде балалардың көркем-шығармашылық қабілеттерін, дербестігін, белсенділігін дамыту. | Заттардың, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктері мен салу,сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеңістіктік қатынастарды жеткізе білуді.<br>Бояумен сурет салу кезінде қылқаламды бояуға батыру, қағазға жуан сызықтарды сызарда қылқаламды көлденең, ал жіңішке сызықтармен нүктелерді сызу үшін тігінен ұстап, суреттерді бояғанда бір бағытта солдан оңға қарай, жоғарыдан төмен қарай, қиғашынан жүргізу тәсілдерін үйрету. |
| Мүсіндеу | Сазбалшықтан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу.<br>Ыдыс мүсіндеу.<br>Ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу.<br>Ыдыс ойыншықтар мүсіндеу. | **Мүсіндеу.Міндеті:**Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу. Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге | Сазбалшық,ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің ерекшеліктерін білуді. Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі танысзаттарды:көгөністерді,жемістерді мүсіндеу,оларға тән ерекшеліктерді беру,қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру, қарапайым пропорцияларды сақтай отырып пішіндерін мүсіндеу дағдыларын дамыту. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | үйрету.<br><br>**2-Апта:Ойын атаы: «Кітап біздің досымыз»Міндеті:** Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу. Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге арттыру. | |
| Жапсыру | Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру.<br>Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, жапсыру.<br>1- Ақ қағазға(күн мен қыран).<br>2- Әр түрлі көгөністер мен жемістер.<br>3- Үшбұрыш, шаршы, дөңгелек, төртбұрыш.<br>4- Ыдыс-аяқ. | Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту.Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету.<br><br>**3-Апта: Ойын аты: «Кірпіге алма салу»Міндеті:** Сурет салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. | Қайшыны қолдануды бекіту:жолақтардан тікбұрышты пішіндер<br><br>қиып алу. Жапсырудың түрлі әдістері(симметриялы,сыңарлы симметриялы,сұлбалы)мен тәсілдерін қолдану,түрлі материалдардан(қағаз,мата,табиғимате риалдар)жапсыру.<br><br>Қайшымен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру,еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтауды үйрету. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Музыка | **Музыка тыңдау.**<br>Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу.Музыкалық жанрлар ән, би, маршпен таныстыру.Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға,музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманы неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету.<br>**Ән айту:**<br>Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету; ре (ми) –ля (си) диапазонында ,барлығымен бірге әнді таза айту, сөздерін анық айту.<br>**Музыкалық ырғақтық қимылдар:**<br>Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен жүру және шашырап жүруге үйрету.<br>**Музыкалық аспаптар:**<br>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.Сылдырмақ, металафон, қоңырау,барабан олардың дыбысталуымен таныстыру.<br>**Әуенді ырғақты қимылды ойын:**<br>**№ 1 «Бәріміз бірге» 1-апта**<br>**Мақсаты:** Музыканы сезіне отырып,көңіл-күй сипатын сезіне білуге үйрету. Шеңбер бойы<br>**№2 Музыкалық аспаптар: «Зейінді ойыншықтар» 2-3 апта**<br>**Сылдырмақ, бубен, барабан**<br>**Мақсаты:** Балаларды музыкалық аспаптар мен таныстыру ойналу әдісін көрсету, музыкалық аспаптар әуенімен ырғақтық қимылдар жасау және аспаптардың дыбыстық үнін ажырата | **Музыка тыңдау.**<br>**«Күй күмбірі»,** балаларды балабақшаға қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға, қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын артыру. -әртүрлі сипаттағы әндерді қабылдау,әуенді дұрыс,нақты интанациялау, сөздерді дәл айту дағдыларын қалытасттыру;<br>**Дидактикалық ойын:** «Әуеннің дауысын ажырат» ойыны. 1-апта.<br>**Міндеті:** Балаларды дыбыстың ұзақтығын ажырата білуге үйрету. Әуенді тыңдап , қысқа және ұзақ дыбыстарды анықтауға баулу.<br>**Дидактикалық ойын:** «Бұл қай кезде болады?» ойыны.<br>**Міндеті**: Жыл мезгілдері туралы ән, әуендерді тыңдап, ерекшеліктерін сипаттай білуге баулу. Тыңдалған шығармадан алған өз әсерлерін әңгімелей білуге дағдыландыру. | **Музыка тыңдау.**<br>Балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын арттыру.<br>Балалаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын,көңіл- күйін,динамикалық ерекшеліктерін ажыратуға үйрету. Ұлттық мәдениетке деген қызығушылықтарын қалыптастыру.<br>**Ән айту.**<br>Әнайтуды дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.**<br>Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен;<br>**Музыкалық аспаптар:** домбыра, металлофон, асатаяқ, сылдырмақ, сыбызғы,дауылпаз, даңғыра, тоқылдақ, барабан аспабымен таныстыру, үнін тыңдату.<br>**Билер.**<br>Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білуді; би қимылдарының |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | білуге үйрету.<br>**№ 3 Әуенді ырғақтық қимылды ойын:**<br>**«Жемістер мен көкөністерді жинау» (а,ә) 3-4 апта**<br>**Мақсаты:** Жыл мезгілдері жайылы әндерді үйрету және әнді орындау арқылы жемістер мен көкеністерді ажыратуға талпындыру. | | элементтерін жеңіл, еркін орындауды; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйке сөзерді үйрету.<br>**№1. «Ритмикалық ойындар» 1-апта**<br>**Ойынның мақсаты:** балалардың бойында музыканы тыңдай отырып , ритмді қайталауға үйрету; ойын арқылы музыкаға деген қызығушылықтарын арттыру; музыканы эмоционалды сезіне білуге тәрбиелеу.<br>**№3 «Қай аспаптың үні?» ойыны (а,ә,б). 2-3 апта**<br>**Ойын мақсаты**: балаларға музыкалық аспапты таныстыру; балаларды музыкалық аспаптардың үнін ажыратуға үйрету.<br>Ұлтттық құндылықтарымызды дәріптеу.<br>**№4 «Еркемай» оркестрі . 4 апта**<br>**Ойын мақсаты:** Балаларға ұлттық музыкалық аспаптардың ойналу әдісін көрсету, балаларға ойнату; балаларды музыканы тыңдауға қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдауға оларды есте сақтауға үйрету. Ұлттық мәдениетке қызығушылықтарын арттыру, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | шығармашылық дағдыларын қалыптастыру. |
| **Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**<br><br>Қоршаған әлеммен таныстыру | «**Еңбегі адал -жас өрен»:**<br>Балаларды қоршаған ортадағы заттардың атауларымен және олардың міндеттерімен таныстыру**.**<br>**Заттық әлем.**<br>Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру<br>**Көлік, байланыс құралдары.**<br>Көлік құралдарының түрлерімен таныстыру.<br>**Еңбекке баулу.**<br>Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**<br>Балаларда "дұрыс" немесе "дұрыс емес", "жақсы" немесе "жаман" әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамыту.<br>**Менің Отаным – Қазақстан.**<br>Балалар тұратын қала мен ауыл, Қазақстан Республикасының, еліміздің астанасы туралы білімдерін қалыптастыру.<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Туған өлкенің кейбір өсімдіктері | **«Еңбегі адал-жас өрен»**жобасы.Білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу.**Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру:** балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және қоршаған әлеммен таныстыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырыл.<br>**Бала, оның отбасы, үй.Міндеті**:<br>Баланың "Мен" бейнесін қалыптастыру. Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, келісім білдіру, жеке басын құрметтеу. Оның өсуі мен дамуы, өткені, бүгіні және болашағы туралы түсініктерді қалыптастыру ("Мен кішкентай болдым, мен өсіп келемін, мен ересек боламын"). Мектеп туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (мектепке баруға ынтасын, қызығушылығын арттыру). Өзінің атын, тегін, жасын, жынысын атай білуге үйрету, өзін құрметтеуге, өз | **«Үнемді тұтыну»**, «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру<br><br>**Еңбегі адал жас өрен:** үй жануарлары мен үй өсімдіктеріне күтім жасау<br><br>**Қауіпсіздік ережесі** Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер қозғалыс ережелерін сақтау. ("Балалар", "Автобус аялдамасы", "Метро аялдамасы", "Жаяу жүргіншілер жолы") жол белгілерімен таныстыру<br><br>**Бала, оның отбасы, үйі.**<br><br>Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру.<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**<br>Ауа-райының жағдайын анықтау суық, жылы, ыстық, табиғат құбылыстарын бақылау.<br>**Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау.**<br>Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау, саңырауқұлақтар мен жидектерді жемеу. | қадір-қасиетін сезінуге, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу.<br>**Заттық әлем.Міндеті**:Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру. Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай білуді жетілдіру.<br><br>**Байланыс және қозғалыс құралдары. Міндеті**:Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білу дағдыларын қалыптастыру. Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру. Көлікте жұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелеу.<br><br>**Еңбекке баулу.Міндеті**:Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау. Топты және ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу.<br><br>**Менің Отаным – Қазақстан.Міндеті:**Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. Балаларды мемлекеттік мерекелерге қатысуға баулу. Мемлекеттік рәміздерге (ту, елтаңба, | баруы,<br><br>мектепке баруы, ересек азамат болып ержетуі мен еңбек етуі, болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне, болашақта мектепте оқуға ынтасын арттыру, жаңаны тануға, өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал ету.<br><br>Өзінің болашағына, біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне<br><br>сенімді болуға, қоғамға пайдасын тигізуге баулу. Еңбекқорлық пен<br><br>жауапкершіліктің маңызын түсіну, өзін-өзі құрметтеу, өз күші мен<br><br>мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру.<br><br>Туыстық байланыстарды түсіну (өз жұрты, атасы мен әжесі, жақын<br><br>туыстары, нағашы жұрты), өзінің жеті атасын білу. Үйде отбасы мүшелеріне<br><br>қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету, үй шаруасына<br><br>көмектесу, отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | әнұран) құрметпен қарауға тәрбиелеу.<br><br>**Жолда жүру ережелері.Міндеті:**Көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргіншілер өтетін жол және жерасты жолдары, велосипедке арналған жол), бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру.<br><br>**Өсімдіктер әлемі.Міндеті:**Өсімдіктер, оларға күтім жасау (жерді қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту. Бақылау, эксперимент және еңбек ету барысында өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, өсімдік тұтастығының мәнін, олардың өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігін анықтау.<br><br>**Жануарлар әлемі.Міндеті:**Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту.Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту. | сөйлеу.<br><br>**Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау.**<br><br>Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың<br><br>қолданылуын түсіну.<br><br>**Еңбекке баулу.**<br><br>Әртүрлі мамандықтар, балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы<br><br>түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын,<br><br>түсіну және бағалау.<br><br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**<br><br>Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің<br><br>рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту.<br><br>**Жол қозғалысы ережелері.**<br><br>Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу<br><br>жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, электросамокат, гироскутер, сигвейге<br><br>арналған жол) білу, бағдаршамның |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | **Табиғат құбылыстары:Міндеті:**Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, қар, бұршақ, кемпірқосақ, боран) кеңейту.<br><br>**1-Апта;Ойын аты: «Балабақшаға саяхат»Міндеті:** Айналаны қоршаған заттар, ойыншықтар – адамдардың еңбегімен жасалғаны туралы түсінік беру, оған ұқыпты қарауға баулу**.**<br>**2--Апта;Ойын аты: «Бала және оның отбасы»Міндеті:** Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру. Отбасындағы үлкендерді сыйлауға, құрмет көрсетуге, кішілерге қамқорлық жасауға, отбасын, отбасылық дәстүрлерді бағалауға баулу. Жақын туыстарын білуге, олардың есімдерін атауға үйрету<br>**3-Апта;Ойын аты:«Менің отбасым»Міндеті.** Баланың "Мен" бейнесін қалыптастыру. Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беу, келісім білдіру, жеке басын құрметтеу.<br>**та;Ойын аты: : «Әдепті үйренеміз»Міндеті:**<br>Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және | белгілеріне сәйкес жолдан өту.<br><br>**Табиғатпен таныстыру**<br><br>Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру<br><br>барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін<br><br>бақылау, талдау, салыстыру, ажырату.<br><br>**Өсімдіктер әлемі.**<br><br>Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер)<br><br>туралы түсініктерін кеңейту, «орман», «шалғын» және «бақша» ұғымдарымен<br><br>таныстыру.<br><br>**Жануарлар әлемі.**<br><br>Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау<br><br>және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажырату.<br><br>**Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы; үйдег**і,<br><br>балабақша тобындағы міндеттері |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану. | туралы түсініктерін кеңейту |

Әдіскер: Хакимжанова Д.

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ 2025 – 2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

**Білім беру ұйымы:** "Бақжан" бөбекжай-бақшасы «Бағым» филиалының
**Тобы:** «Сұңқар» аралас тобы
**Балалардың жасы:** **3,4,5** жастағы балалар
***Жоспардың құрылу кезеңі:*** 2025-2026 оқу жылы, қазан айы

| **Қ/с** | **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Ортаңғы топ ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** | **Ересек топ ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** | **Мектепалды топ ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** |
|---|---|---|---|---|
| | | **«Тәуелсіздік және отаншылдық» айы** | | |
| 1. | **Физикалық қасиеттерді дамыту**<br>Дене шынықтыру | Жалпы дамытушы жаттығулар. Көзбен бағдарлай отырып, ауызша нұсқаулармен ойын түріндегі жаттығуларды (жануарлардың қозғалысына еліктеу) педагогпен бірге орындауға үйрету.<br>Жүру. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру, аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру, шеңбер бойлап, қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтай қалып, жүрелеп, бұрылып, | **Негізгі қимылдар:** Жүру: өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру.<br>***Жалпы дамытушы жаттығулар:*** Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар.Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; белге қою, кеуде тұсына қою; Кеудеге арналған жаттығулар. Екі қолды белге қойып, оңға-солға | **Негізгі қимылдар:**<br>Қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру; ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру; заттардың, кегльдердің арасымен, жіптерден аттап жүру; қосалқы қадаммен алға қарай жүру. Тепе-теңдікті сақтау: заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | "жыланша", заттарды айналып өтіп, төбешікке шығып және төбешіктен түсіп саппен жүру; Шынықтыру шараларын жүргізу. Тыныс алу жаттығуларын жүргізу.<br>Жануарлардың қимылдарына еліктеп, дене жаттығуларын орындау;<br>**«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»**<br>**-«Күш сынаспақ»** Қазақтың әдет-ғұрпымен таныстыру. Дәстүрлік таным түйсігін дамыту..<br>**- "Ақ серек көк серек"**Балаларды «ақ серек, көк серек» ойынымен таныстыру. Ойын ойнатып, қимыл-қозғалыстарын, дене бітімін қалыптастыру. Ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>- **«Арқан тарту» ойыны.**Балаларды ұйымшылдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>«Жарысқа шық, жанұя» (ата-аналардың арасында<br>**-«Орамал тастамақ» ойыны .** Балалардың сезіну қабілеттерін, байқампаздығын дамыту.<br>**Еңбегі адал жас өрен,** өзіне өзі қызмет көрсету. | бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Оңға, солға еңкею, шалқаю. Аяққа арналған жаттығулар. Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылдату.<br><br>**Қимылды ойындар:**Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту.<br><br>**Дербес қимыл белсенділігі:** Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсауларментойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»**<br>**1-Апта«Ақсерек-көксерек» ойыны**<br>**Міндеті:**Балалардың жылдамдық және шымырлық қабілетін арттыру.<br>**2 -Апта«Сақина жасыру» ойыны.**<br>**Міндеті:**Баланың зейінінің тапқырлығын дамыту.<br>**3-Апта«Ұшты-ұшты» ойыны**<br>**Міндеті:**Балаларды аңғарпаздыққа, тапқырлыққа тәрбиелейді.<br>**4 -Апта«Асық ату» ойыны**<br>**Міндеті:**Балаларды асық ойынының бір түрімен таныстыру. Ептіліктерін, ойынға қызығушылықтарын дамыту. | жүру.<br><br>**Жалпы дамытушы жаттығулар:** Кеудеге арналған жаттығулар. Допты жоғарыдан (алға және артқа) бір-біріне беру. Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу. Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею. Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бүгу және тік көтеру. Алға еңкейіп, алақанын еденге тигізу.<br><br>**Спорттық жаттығулар:**Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу.<br><br>**Спорттық ойындар:** Бадминтон. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып лақтыру.<br><br>**Қимылды ойындар:** Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.<br><br>**Дербес қимыл белсенділігі:** Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | ортаны құру. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау.Балалардың дербес қимыл белсенділігін ұйымдастыруда, меңгерген қимыл дағдыларын жетілдіру үшін серуен өткізілетін орынды жабдықтау, ойын алаңында балалардың жүруіне арналған кедергі жолдар жасау.<br><br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы**<br><br>**«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»**<br><br>**-«Күш сынаспақ» ойыны.** Қазақтың әдет-ғұрпымен таныстыру. Дәстүрлік таным түйсігін дамыту. Ой-өрістер жетілдіру.<br><br>Бестемше: «Бәріміз бірге мықтымыз» (мектепке дейінгі ұйымның педагогтері арасында) 1-апта<br><br>**-«Тышқан мен мысық» ойыны:** балаларды шапшаң әрі шыдамды, ұйымшылдыққа үйрету.<br><br>**-«Асық ату» ойыны** Балаларды асық ойынының бір түрімен таныстыру.Ептіліктерін, ойынға қызығушылықтарын дамыту.<br><br>**-«Хан алшы» ойыны.** Балаларды асық |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | түрлерімен, асық атауларын таныстыру. Асық түстерін атау. Ептілікке, мергендікке баулу.<br>**-«Алақан соқпақ» ойыны.** Балаларды аз қимылды ойын түрімен таныстыру. Ұлттық ойынды қастерлеуге тәрбиелеу.<br>**- «Бес кеней» ойыны.** Бүлдіршіндердің ойлау қасиетін дамыту, асық ойынын жан-жақты дамыту.<br>**Еңбегі адал жас өрен**,өзіне өзі қызмет көрсету. |
| 2 | **Коммуникативтік дағдыларды дамыту**<br>Тіл дамыту | Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт). Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету | **«Өнегелі 15 минут»** ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға, Мабильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, алып оқыу, суреттерді қарауға, табиғат дамытушы ортада құстарды, балықтарды қоректендіруге мүмкіндік беру. Ата-ананың үйде балабақшада балаға көңіл бөлуіне жағдай жасау ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру;<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**.**Міндеті:**Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру.Сөйлеу | **«Өнегелі 15 минут»** ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**:<br>Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау<br>(басы, ортасы, соңы).<br>**Сөздік қор.**<br>Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді<br>қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке<br>заттарды таңдай білу**.**<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**:<br>Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | қарым-қатынас туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға баулу.<br><br>Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау.<br><br>Заттық әлем.<br><br>Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру.<br><br>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру. Заттар, ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Әртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгеру. | **«Көмекшілер»Міндеті:** Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау. Топты және ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу.<br><br>**2--Апта; «Жақсы немесе жаман»Міндеті;** Құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге, қарапайымдылыққа, мейірімділікке және әділдікке, ересектерге құрмет көрсетуге, кішілерге көмектесуге тәрбиелеу. Жағымсыз қылықтары үшін ұятты сезіне білуге, ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауға баулу.<br><br>**3-Апта;Ойын аты: «Қала тіршілігі» Міндеті:** Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің еңбегі, (қаламен ауылдың байланысы),<br><br>**та;Ойын аты: «Ауыл тіршілігі» Міндеті:** Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің еңбегі, (қаламен ауылдың байланысы), диқанның еңбегі туралы білімді қалыптастыру. Нанға және азық-түлік өнімдеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, ересектерге көмек | етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылуға, сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, білімдерін кеңейту.<br>**Жол қозғалысы ережелері**. «Жаяу жүргіншілер жолы», жол белгілерімен таныстыруды жалғастыру.<br>**Табиғатпен таныстыру** «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру мұз сүңгілері , қар. өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу.<br>**Өсімдіктер әлемі.** Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту.<br>**Жануарлар әлемі.** , жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу, құстардың<br>пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау.<br>**Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы; үйдег**і Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы<br>түрде орындауға баулуды жалғастыру |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | көрсету ниеттерін қолдау. | |

Әдіскер:  Хакимжанова Д.

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ 2025 – 2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

**Білім беру ұйымы:** "Бақжан" бөбекжай-бақшасы «Бағым» филиалының
**Тобы:** «Сұңқар» аралас тобы
**Балалардың жасы: 3,4,5** жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 2025-2026 оқу жылы, ақпан айы

| Ұйымдастырылған іс әрекет | Ортаңғы топ ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Ересек топ ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Мектепалды топ ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|---|
| | **«Жасампаздық және жаңашылдық» айы** | | |
| **Физикалық қасиеттерді дамыту**<br><br>Дене тәрбиесі | Дербес қимыл белсенділігі<br><br>Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өзбетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу.<br><br>Салауатты өмір салтын | **Негізгі қимылдар:** Түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру, 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру, орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар:** Аяққа арналған жаттығулар. Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылдату. Қатарынан 4-5 рет жартылай отыру.<br><br>**Спорттық жаттығулар:** Шанамен сырғанау: төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу. Мұз жолмен өз бетінше | **Негізгі қимылдар:** Лақтыру, қағып алу, домалату: допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу; допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату, допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу; 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыру, допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 метр) басынан асыра лақтыру, допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізу, допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4–5 метр)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Таныс дене |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | қалыптастыру.<br><br>Адамның денсаулығына пайдалы (көгөністер, жемістер, сүт өнімдері және т.б.) және зиянды тағамдар (тәттілер, бәліштер, тәтті газдалған сусындар және т. б.) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.<br><br>Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастыру.<br><br>**«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»**<br><br>**-«Шертпек ойыны» .** Ойынның негізгі мақсаты бүлдіршіндерге асық ойынның пайдасын ойын арқылы меңгерту.<br>**Асық ату-** Асық құрылымымен таныстыру Бүлдіршіндерді мергендікке ,ептілікке, дәлдікке баулу.<br>**–«Бес асық» ойыны.** Шығу тарихы балдарға қарапайым мән мағынасын түсіндіру, ойынға барынша қызықтыру. | сырғанау.<br><br>**Қимылды ойындар:** Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.<br><br>**Дербес қимыл белсенділігі:** Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу. Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»**<br><br>**1-Апта-«Бестемше ойыны»Міндеті:** Ойын барысында қабылдау, есте сақтау, ойлау, қиял т.б. танымдық қабілеттері артады, тілдері дамиды.<br>**2 -Апта-«Ойын тактикас» ойыны.Міндеті:** Ойынға шығармашылық тұрғыда қарап, тактика қолдануымыз керек. Тактика дегеніміз ойындағы қолданатын айла тәсілдер.<br><br>**3-Апта-«Жүріс жасау» ойыны.Міндеті:** Жүріс жасау үшін өз жағыңыздағы отаулардың бірінен барлық тастарды қолға алып, біреуін | жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар:** Арқаға арналған жаттығулар: отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет), стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау, қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр).Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет); қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту.<br>**Спорттық жаттығулар:** Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау. Сырғанау. Өз бетінше мұзды жолмен сырғанау, жүгіріп келіп сырғанау. Шаңғымен жүру. Бірінің артынан бірі ауыспалы қадаммен алға жылжу, оң және сол аяқтарымен сырғанау. Бір орнында тұрып оңға, солға бұрылу, айналу.<br>**Спорттық ойындар:** Хоккей элементтері. Берілген бағытта қақпаға хоккей таяқпен шайбаны сырғанату, оны қақпаға кіргізу.<br>**Қимылды ойындар:** Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **–«Бес асық» ойыны.** Бүлдіршіндерді мергендікке ,ептілікке, дәлдікке баулу. | орнына қалдырып, солдан оңға қарай бір бірлеп таратамыз. **4 -Апта -«Атсырау ойыны» ойыны.Міндеті:** Ойыншылардың бірінің отауларындағы тасты бірінші таусып алып, жүріссіз қалуы - атсырау деп аталады. | ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. **Дербес қимыл белсенділігі** Қыс мезгілінде мұзды жолдармен сырғанауға, шаңғымен жүруге, хоккей ойындарына, шанамен сырғанауға жағдай жасау. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы** **«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»** **-«Шік-бүк» ойыны.** Асықтарды ұту. **-«Қалашық» ойыны.** Асықтар мен ұпай жинай білу. **-«Мергендер» ойыны .** Асық ойынын дамыту. Асық ұтып алып ұпай жинау. **-«Кім жылдам» ойыны.** Балалардың зеректік қабілетін дамыту. **Еңбегі адал жас өрен,** өзіне өзі қызмет көрсету. |
| **Коммуникативтік дағдыларды дамыту** <br><br> Тіл дамыту | **«Өнегелі 15 минут»** Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу. <br><br> **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** <br><br> сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту:баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту. <br><br> **Сөздік қор.** <br><br> жұмбақ шешкізу, жаңылтпаш, | **«Өнегелі 15 минут»** ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға, Мабильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, алып оқыу, суреттерді қарауға, табиғат дамытушы ортада құстарды, балықтарды коректендіруге мүмкіндік беру. Ата-ананың үйде балабақшада балаға көңіл бөлуіне жағдай жасау ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру; Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту.Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға | **«Өнегелі 15 минут»** ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**: Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтауды (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасауды дамыту **Сөздік қор.** Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру.Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту. **Тілдің грамматикалық құрылымы**: |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен<br><br>байыту.<br><br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br><br>зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдану<br><br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br><br>Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту. | баулу.<br><br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**.**Міндеті:** Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту.**Сөздік қор.Міндеті:**Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру.**Тілдің грамматикалық құрылымы. Міндеті:** Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.**Байланыстырып сөйлеу. Міндеті:**Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.<br><br>**1-Апта Ойын аты: «Қыс өлеңін жаттау»Ақ киімді денелі ақ сақалды,Соқыр мылқау танымас тірі жанды.Үсті басы ақ қырау түсі суық,Басқан жері сықырлап келіп қалды. Міндеті**: Шағын өлеңдерді жаттату,шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды,үзілістерді,логикалық,екпінді | Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту.<br>**Байланыстырып сөйлеу:** сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу.<br>**Шығармашылықпен сөйлеу қызметі**.<br>хабарлау әңгімелерін құрастыру, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | қолданып,жатқа айту.<br><br>**2-Апта Ойын аты: «Қысқы ойындар»әңгімелесу. Міндеті**:Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге,түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіруге және дәлелдеуге баулу.<br><br>**3-Апта Ойын аты:«Не дұрыс не бұрыс» сұрақ жауап.Міндеті:** Дұрыс жауабын ұсынуға,бір-біріне,неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға,бір-біріне еркін диалог құруға,еркін талқылауға мүмкіндік береді.<br><br>**4-Апта Ойын атаы: «Бала мен Бағдаршам»Міндет**і:Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге, өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білуге және дұрыс жауабын ұсынуға, бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға, бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру.<br><br>«**Балалар кітапханасы**» жобасы аясындаға балалар кітапханасы Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңді жаттауға үйрету.Тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақта уға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Көркем әдебиет | **«Ұшқыр ой алаңы» жобасы**<br><br>Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау<br>Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.<br>Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. | **Көркем әдебиет: Міндеті:** Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу.Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру.<br><br>**1-Апта Ойын аты: «Біздің көмекшіміз»Міндеті;** Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге, бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға, бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру**.**<br><br>**2-Апта Ойын аты: «Дәрігер Айболит»ертегісі.Міндеті:** ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастырады;кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарап, ертегі, әңгіме құрастырады;дауыс күшін өзгерте отырып, әртүрлі интонацияларды жаңғыртады;әдеби кейіпкерлердің әрекеттеріне өз көзқарасын білдіреді;сахналық қойылымдарға қатысады; образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын қолданады;еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдайды;еркін ойындарда таныс кейіпкерлерді басқа қырынан көрсетуге | **«Ұшқыр ой алаңы» жобасы**<br>Қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау.Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді<br>қолдануға баулу. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | тырысады;рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытады;<br><br>**3-Апта.Ойын аты:«Көліктер»Мультфилм теледидардан тамашалау.Міндеті:**Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану.<br><br>**4-Апта Ойын аты: «Бала мен Бағдаршам»Міндет**і:Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге, өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білуге және дұрыс жауабын ұсынуға, бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға, бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру. | |
| Сауат ашу негіздері | | | Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. |
| Қазақ тілі | **«Апта дәйексөздері»** аптаның дәйексөздері.<br><br>1-апта «Өнер ақиқаты – жасампаздықта»<br>**2-апта** «Сіздің істеріңіз – сіздің ескерткіштеріңіз»<br><br>**3-**апта « кітап білім бұлағы,білім өмір шырағы» | **«Ұшқыр ой алаңы»Тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу. Тілдік дамытушы орта.Міндеті:** Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**.**Міндеті:** Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар | **Тілдік дамытушы орта.**<br>**«Апта дәйек сөздері»**<br>**1-апта «Өнер ақиқаты – жасампаздықта»**<br>**2-апта «Сіздің істеріңіз – сіздің ескерткіштеріңіз»**<br>**3- апта « Кітап білім бұлағы,білім өмір шырағы»**<br>**4- апта « Өнерді үйрен, үйрен де жирен»**<br>**Тілдік дамытушы орта.** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **4-апта** « Өнерді үйрен, үйрен де жирен»<br><br>**Тілдік дамытушы орта.**<br><br>өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге<br><br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br><br>сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.<br><br>**Сөздік қор.**<br><br>Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.<br><br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br><br>алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.<br><br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br><br>балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, | мен жаңылтпаштар айтқызу. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту.**Байланыстырып сөйлеу.Міндеті:** Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.**Сөздік қор. Міндеті:** Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану<br><br>**1-«Өнер ақиқаты – жасампаздықта»**<br><br>**2- «Сіздің істеріңіз – сіздің ескерткіштеріңіз»**<br><br>**3-«Кітап білім бұлағы,білім өмір шырағы»**<br><br>**4-«Өнерді үйрен, үйрен де жирен»** | Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны<br>дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан<br>тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру**.**<br>**Сөздік қор.** Туыстық қарым-қатынасты Өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары, татулық, жақындық, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**<br>Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.<br>**Байланыстырып сөйлеу.** берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. Заттар мен<br>ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға баулу. |
| **Танымдық және зияткерлік** | **Сан.**<br><br>заттарға қосу немесе заттардан | **«SMART BAIA»Инновациялық жобалар конкурсы арқылы құндылықтарды дәріптеу.«Теңге алу», «Айырмашылығын** | **Қаржылық сауаттылық**<br>математикалық, конструктивтік ойлау дағдыларын, танымдық, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **дағдыларды дамыту**<br><br>**Сенсорика / Математика негіздері** | алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру,<br><br>**Шама.**<br><br>Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру<br><br>**Геометриялық пішіндер**<br><br>ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.<br><br>**Уақытты бағдарлау.**<br><br>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауды бекіту: күндіз-түнде, таңертең-кешке. | **тап», «Банкомат», «Ақшаны жұмсауды үйренеміз», «Әмиян», «Дүкен»** ойындары - қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді (заттарды тексеріп қарау, зерделеу, олардың көлемін көзбен өлшеу, көзбен көріп ойлауды, есте сақтауды, қиялды, ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>**Сан санау.Міндеті:** 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға "нешінші?" сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, "барлығы қанша?" сұрағына жауап беруге үйрету.Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, "қанша болды?", "қаншасы қалды?" сұрақтарына жауап беруге үйрету.5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру.<br>**Геометриялық фигуралар.Міндеті:**Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең).<br>**Кеңістікті бағдарлау.Міндеті:**Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне | интелектуалдық қабілеттерін дамыту.Заттарды зерттеу барысында олардың пішін көлемін көзбен өлшеу қолмен ұстау арқылы көрнекі бейнені ойлауды, есте сақтау қиялдауды, қолдың ұсақ маторикасын дамыту, (ойындар: Теңге алу, Айырмашылығын тап, Банкомат, Тенге бинго, Ақша жұмсап үйренеміз, Әмиян, Дүкен т.б.)<br>**Жиын.** «Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру.<br>**Сан және санау.** Теңдік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау.<br>**Шама.** Беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана<br>отырып, заттарды салыстыру, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес<br>келмейтін затты бөліп алу.<br>**Геометриялық фигуралар.** Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту, қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру.<br>**Кеңістікті бағдарлау.** Сөйлеуде |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр).<br>**Уақытты бағдарлау.Міндеті;**Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, "бүгін", "кеше", "ертең" туралы ұғымдарын кеңейту.<br>**1-апта. Ойын аты; «Көршісін тап»Міндеті: 5**-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға "нешінші?" сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, "барлығы қанша?" сұрағына жауап беруге.<br><br>**2-апта.Ойын аты: «Танып алда-атын ата» Міндеті:** Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және математика негіздері ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырылады. Тірі және өлі табиғат объектілеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу.<br><br>**3- Апта.Ойын аты:«Кеңістік»Міндеті:** Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр).<br><br>**4-апта.Ойын аты: «Ұзын қысқа»Міндеті:** Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру, салыстыру | белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту.<br>**Уақытты бағдарлау.**<br>Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтау |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жіңішке сын есімдермен белгілеу. Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру. | |
| **Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту**<br>Құрастыру | **«Smart bala» жобасы**<br><br>Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне<br><br>қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып,<br><br>бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға<br><br>мүмкіндік беру, | **Шабыт»Жобасы** Білім алушылардың шығармашылық әлеуметін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу.Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы іске асырылады**.**<br><br>**Құрастыру,Міндеті:**Құрылыс материалдарынан, "лего" конструкторлардан құрастыру.Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру, құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру.<br><br>**4-апта;Ойын аты: «Көліктер»Міндеті:** Құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.<br><br>Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін сақтау. | **Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру.**<br>ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өз бетінше ойдан құрастыруға,<br>**Қағаздан құрастыру.** Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру.<br>**Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу.** Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту.<br>**Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.**<br>Табиғи материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету. Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс жасау кезінде өзінің әрекетін жоспарлау дағдыларын жетілдіру, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Сурет салу | Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды. Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану. | **Сурет салу.Міндеті:** Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру.<br><br>**1-Апта.Ойын аты: «Қысқы киімдер»Міндеті:** Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу. | Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу), қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу, бейнелеу, түсті қанық беру үшін қағаздың фонын таңдау және бояуларды үйлестіру, өз жұмысының нәтижелерін бағалау. |
| Мүсіндеу | кейбір заттарды, азықтүлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету.<br><br>Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. | **Мүсіндеу.Міндеті:**Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу. Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету.<br><br>**2-Апта:Ойын аты: «Қыс қызығы» Міндеті:** Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған | Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу,пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану.Адамның бейнесін, жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу. Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | бұйымды безендіруге ынталандыру. | |
| Жапсыру | Қағаз бетінде көлемі,түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыру. Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдану. Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу. | **Жапсыру,Міндеті:** Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту.Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету.<br><br>**3-Апта: Ойын аты: «Бағдаршам»Міндеті:** Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту.Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру, қиюды үйрету. | әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен,трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне,перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру. |
| Музыка | Музыка тыңдау:<br><br>Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру.<br><br>**Ән айту:**<br><br>Аспаптың сүйемелдеуіне ілесе отырып ән айту.<br><br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.**<br><br>Музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес ырғақтық қимылдар жасау.<br><br>**№16 картотека** | **Музыка тыңдау.**Қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату.<br><br>**Ән айту.**Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру. Мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу.<br><br>**Билер.** Музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау.<br><br>**1 - Апта: «Біздің көңілді оркестр» Міндеті;** Аспаптарда ойнау арқылы балаларға ән орындауды үйрету.<br><br>**2-Апта: «Көңілді текше»Міндеті:** Ойын барысында балаларға ұлттық аспаптардың үнін естірту арқылы аспаптарды ажыратуға | **Музыка тыңдау.**<br>Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам). Іс-әрекет барысында ұлттық құндылықтарды дәріптеу.<br>**Ән айту.**<br>Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйретуді жалғастыру.<br>**Би**:шығармашылығы.<br>Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.<br>**Балалар музыкалық аспатарында ойнау.**<br>Таныс әндерді орындауда балаларға |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Музыкалық дидактикалық ойын:**<br><br>**«Соқыр теке»**<br><br>**Мақсаты**: Ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу барысында ұлттық ойындарды балаларға үйрету.<br><br>**№17 картотека**<br><br>**Музыкалық дидактикалық ойын:**<br><br>**«Соқыр теке»**<br><br>**Мақсаты:** Аспаптарда ойнау дағдыларын балаларға меңгерту.<br><br>**№18 картотека**<br><br>**Әуенді ырғақтық қимылы ойын: «Жұптасу»**<br><br>**Мақсаты:** Балаларды әуенді тыңдату арқылы жұппен әуенге ырғақты қимылдар жасату.<br><br>**№19 картотека. «Тыңдап таны»**<br><br>**Мақсаты:** Өтілген әнді қайталау,балалардың есіту, есте сақтау қабілеттерін бақылау. | баулу.<br><br>**3-Апта: «Дауылпаз, Дабыл» аспаптармен күй тыңдату.Міндеті:** Күй тыңдату барысында аспаптар атауын ажырату.<br><br>**4-Апта**: **«Металафон, Сылдырмақ» аспаптармен ойнау.Мақсаты:** Қарапайым әуендер мен аспаптарда ойнау. | арналған ұлттық музыкалық асатарды қолдану. Дауылпаз, Дабыл, Сылдырмақ аспаптарында қарапайым әуендерді ойнау.<br>**Ойын: № 22 «Көңілді текше» 1-апта**<br>**Мақсаты:** Ойын барысында балаларға ұлттық аспаптардың үнін естірту арқылы аспаптарды ажыратуға баулу.<br>**картотека № 23**<br>**Біздің көңілді оркестр»**<br>**2-апта**<br>**Мақсаты:** Аспаптарда ойнау арқылы балаларға ән орындауды үйрету.<br>**картотека № 24 «Дауылпаз, Дабыл» аспаптармен күй тыңдату. 3-апта**<br>**Мақсаты:** Күй тыңдату барысында аспаптар атауын ажырату.<br>**картотека № 25 «Металафон, Сылдырмақ» аспаптармен ойнау. 4-апта**<br>**Мақсаты:** Қарапайым әуендер мен аспаптарда ойнау. |
| **Әлеуметтік-** | ***Еңбегі адал жас өрен: адал*** | **«Еңбегі адал-жас өрен»**жобасы.Білім | **«Үнемді тұтыну»**, «Суды, тамақты, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**<br><br>Қоршаған әлеммен таныстыру | ***жас өрен:*** *үй жануарлары мен үй өсімдіктеріне күтім жасау*<br>Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру<br><br>**Заттық әлем.**<br><br>Әртүрлі заттардың<br><br>атауларын сөйлегенде белсенді қолдану,<br><br>**Еңбекке баулу.**<br><br>. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын<br><br>әрекетіне ынталандыру.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**<br><br>Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», туралы қарапайым түсініктерді дамыту<br><br>**Жануарлар әлемі.**<br><br>Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру,<br>табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау | алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу.**Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру:** балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және қоршаған әлеммен таныстыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырыл.<br>**Заттық әлем.Міндеті**:Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру. Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай білуді жетілдіру.<br>**Еңбекке баулу.Міндеті**:Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау. Топты және ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу.**Табиғат құбылыстары:Міндеті:**Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, қар, бұршақ, кемпірқосақ, боран) кеңейту.<br><br>**1-Апта;Ойын аты: «Кім болғың келеді»Міндеті:** Жақындарының мамандықтарымен таныстыру, олардың атқаратын қызметінің маңызын түсіну, ата-анасының мамандықтарына қызығушылықты қалыптастыру. Айналаны қоршаған заттар, ойыншықтар – адамдардың еңбегімен жасалғаны туралы түсінік беру, оған ұқыпты қарауға баулу. | энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру<br>**Еңбегі адал жас өрен:** үй жануарлары мен үй өсімдіктеріне күтім жасау<br>**Қауіпсіздік ережесі** Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер қозғалыс ережелерін сақтау. ("Балалар", "Автобус аялдамасы", "Метро аялдамасы", "Жаяу жүргіншілер жолы") жол белгілерімен таныстыру<br>**Бала, оның отбасы, үйі.** Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету,<br>**Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау.** Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау.<br>**Еңбекке баулу.** Топта тазалық сақтауға,ойыншықтарды сүртуге, табиғат бұрышындағы тіршілік иелеріне күтім жасауға,кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға, жоспарланған нәтижеге жетуге,баулу<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.** Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | дағдыларын қалыптастыру.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**<br><br>Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеуді меңгерту.<br>**Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау**<br><br>серуенде (жолға шықпау) ойын алаңында сумен, қармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру | **2--Апта; «Табиғат құбылыстарымен**»таныстыру.**Міндеті;** Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, қар, бұршақ, кемпірқосақ, боран) кеңейту.<br><br>**3-Апта;Ойын аты: «Көліктер» Міндеті:** Көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргіншілер өтетін жол және жерасты жолдары, велосипедке арналған жол), бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру.<br><br>**4-Апта;Ойын аты: «Бағдаршам» Міндеті:** Бағдаршам түстерінің белгілеріне сәйкес көшеден өту дағдыларын жетілдіру. Жаяу жүргіншілерге арналған ережелер, "Жаяу жүргінші өткелі", "Қоғамдық көлік аялдамасы" жол белгілері туралы ұғымдарын кеңейту. | **Жол қозғалысы ережелері**. «Жаяу жүргіншілер жолы», жол белгілерімен таныстыруды жалғастыру.<br>**Табиғатпен таныстыру** Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың маңызын түсіну.<br>**Өсімдіктер әлемі.** өсімдіктердің өсуі үшін ылғалдың, жарықтың, жылу мен тыңайтқыштың қажеттігі олардың жылуды, суықты, күнді немесе бұлтты ауа-райын сезуі, олардың өсуі және көбеюі**.**<br>**Жануарлар әлемі.** , Қарапайым экологиялық ұғымдарды, адамның табиғаттың бір бөлігі екенін және оны қорғау, сақтау керек екенін, күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы,сезіне білу<br>**Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы; үйдег**і Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру |

Әдіскер:  Хакимжанова Д.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025 – 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы:** "Бақжан" бөбекжай-бақшасы «Бағым» филиалының
**Тобы:** «Сұңқар» аралас тобы
**Балалардың жасы: 3,4,5** жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі: Наурыз айы**

**Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы**

| **Ұйымдастырылған іс әрекет** | **Ортаңғы топ ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** | **Ересек топ ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** | **Мектепалды топ ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** |
|---|---|---|---|
| **Физикалық қасиеттерді дамыту**<br><br>**Дене тәрбиесі** | Спорттық жаттығулар:<br>Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу;<br>Жалпы дамытушы жаттығулар<br>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар:<br>қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен);<br>заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру;<br>қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артқа апарып шапалақтау; | **Негізгі қимылдар:** Лақтыру, домалату, қағып алу: заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату; заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 метрден кем емес), оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 метр қашықтықтан), 1,5 метр қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 метр) нысанаға лақтыру; допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу; допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 метр қашықтықтан); допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3–4 рет).<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар:** | **Негізгі қимылдар:** Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар:** Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар. 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу.<br>Салауатты өмір салтын қалыптастыру.<br>Дене мүшелері мен ағза жүйесін нығайтатын жаттығулармен таныстыру.<br>**«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»**<br><br>1. Бәйге **Қозғалыс белсенділігін дамыту** – балалардың жүгіру, секіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін жетілдіру.<br>2. Бәйге **Шапшаңдық пен ептілікті арттыру** – балаларды жылдамдыққа, тез әрекет етуге дағдыландыру.<br>3. **Топтық жұмысқа үйрету** – достық қарым-қатынасты нығайту, жарыс арқылы өзара қолдау көрсету.<br>4. Бәйге **Ұлттық дәстүрді насихаттау** – қазақтың бәйге жарысы туралы түсінік беру, ұлттық ойындарға деген қызығушылықты ояту.<br>5. **Көңілді орта қалыптастыру** – ойын | Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; белге қою, кеуде тұсына қою; қолдарын алға-артқа сермеу; қолды иыққа қойып, шынтақтарын бүгіп, қолдарын айналдыру. Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру. Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау.<br>**Спорттық жаттығулар:** Велосипед тебу: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу.<br>**Қимылды ойындар:** Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік,ептілік) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.<br>**Дербес қимыл белсенділігі:** Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға | қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды).<br>**Спорттық жаттығулар:** Велосипед, самокат тебу. Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу.<br>**Спорттық ойындар:** Баскетбол элементтері. Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру. Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру.<br>**Қимылды ойындар:** Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.<br>**Дербес қимыл белсенділігі:** Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау<br>**«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»**<br>**-«Сақ құлақ» ойыны.**<br>Балалардың есту қабілетін, шапшаңдықтарын, зердесін дамыту.<br>**-«Бос орын» ойыны.**<br>Балалардың дене қимылдарын, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | арқылы балалардың эмоционалды көңіл-күйін көтеру.<br>**Көкпар**– балалардың ептілігін, жылдамдығын және күшін дамыту. | қатысуға тарту. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу. Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау<br>**«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»**<br><br>**1-апта: «Үш асық» ойыны. Міндеті:** Бүлдіршіндердің ойлау қасиетін дамыту, асық ойынын жан-жақты дамыту.<br><br>**2-Апта:**«**Үш асық**» **ойыны.Міндеті:**Бүлдіршіндердің ойлау қасиетін дамыту, асық ойынын жан-жақты<br>дамыту.<br><br>**3-Апта: «Ақсерек-көксерек» ойыны.Міндеті:**Балалардың жылдамдық және шымырлық қабілетін арттыру.<br><br>**4-Апта: «Күш сынаспақ»ойыны. Міндеті:** Дәстүрлік таным түйсігін дамыту. Ой-өрістерін жетілдіру.Ұлтжандыққ.тәрбиелеу.<br><br>**Еңбегі адал жас өрен,** өзіне-өзі қызмет<br>көрсету. | бұлшық еттерін жетілдіру.<br>**-«Тасымалдау» ойыны.**<br>Зеректілікке, ептілікке және икемділікке үйрету<br>**-«Көтермек» ойыны.**<br>Балаларды ұлттық ойынмен таныстыру.<br>**Еңбегі адал жас өрен,** өзіне өзі қызмет көрсету. |
| **Коммуникативтік дағдыларды дамыту**<br><br>**Тіл дамыту** | **«Өнегелі 15 минут»** ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. | **«Өнегелі 15 минут»** Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сөйлеуді | **«Өнегелі 15 минут»** ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**: |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға, Мабильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, алып оқыу, суреттерді қарауға, табиғат дамытушы ортада құстарды, балықтарды қоректендіруге мүмкіндік беру. Ата-ананың үйде балабақшада балаға көңіл бөлуіне жағдай жасау ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру;<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту<br>**Сөздік қор.**<br>заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>зат есімдерді, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған | дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы жүзеге асырылады.**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**.**Міндеті:** Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту.**Сөздік қор.Міндеті:**Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру.**Тілдің грамматикалық құрылымы. Міндеті:** Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.**Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту:** ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту.<br><br>**1-Апта Ойын аты:«Көктем келді»өлеңін жаттау.Міндеті:** Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін | Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.<br>**Сөздік қор.** Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу.Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, «Асар»,«Сүйінші сұрау» дәстүрлерінің мәнін түсіндіру<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**: Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдердізат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.<br>**Байланыстырып сөйлеу:** Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру.<br>**Шығармашылықпен сөйлеу қызметі**. сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу.<br>**Геометриялық фигуралар.** Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. | теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, "қанша болды?", "қаншасы қалды?" сұрақтарына жауап беруге үйрету.5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру.<br>**Кеңістікті бағдарлау.Міндеті:**Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр).<br>**Уақытты бағдарлау.Міндеті;**Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, "бүгін", "кеше", "ертең" туралы ұғымдарын кеңейту.<br><br>**Шама.**Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жіңішке сын есімдермен белгілеу. Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру.<br><br>**1-апта. Ойын аты; «Қол** | **Сан және санау.** 0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру.<br>**Шама.** Беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу.<br>**Геометриялық фигуралар.** күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялықфигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау.<br>**Кеңістікті бағдарлау.** );<br>қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа.<br>**Уақытты бағдарлау.** Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), оқиғалардың ретін анықтау |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | **соғу»Міндеті:** Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және математика негіздері ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырылады.<br><br>**2-апта.Ойын аты: «Керісінше ата» Міндеті:** Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, "бүгін", "кеше", "ертең" туралы ұғымдарын кеңейту.<br><br>**3-апта.Ойын аты:«Гүлдің күлтешесін санау»Міндеті:** Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, "қанша болды?", "қаншасы қалды?" сұрақтарына жауап беруге үйрету.<br><br>**4-апта.Ойын аты: «Сыйқырлы суреттер»Міндеті:** Сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру, ұжыммен жұмыс істей білуге үйрету;эстетикалық талғамды қалыптастыру, балалардың ой-өрістерін кеңейту;тірі және өлі табиғат объектілеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу. | |
| Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс- | **«Smart bala» жобасы**<br>Құрастыру дағдыларын дамыту, | **Құрастыру,Міндеті:**Құрылыс материалдарынан, "лего" | **Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| әрекетін дамыту;<br><br>**Құрастыру** | негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға женеқолдануға үйрету<br>**Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру:**<br>Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету.<br>Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу. | конструкторлардан құрастыру.Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру, құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру.<br><br>**4-апта;Ойын аты: «Кітап біздің досымыз»Міндеті:** Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.<br>Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге арттыру. | **құрастыру:**<br>құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу.<br>**Қағаздан құрастыру.**<br>Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін (тақия,сәукеле, кимешек) және ыдыстарын құрастыру, оларды жіппен, ою-өрнектермен безендіру<br>**Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу.**<br>Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану.<br>**Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру**.<br>Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі,ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу.. |
| **Сурет салу** | Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету<br>Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу.<br>Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. | **[ Шабыт»Жобасы** Білім алушылардың шығармашылық әлеуметін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу.Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы | Қазақ халқының өмірін, еңбегін, тұрмысын көрсете отырып, қазақ ертегілерінің желісі бойынша сурет салу. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. | іске асырылады.<br><br>**Сурет салу.Міндеті:** Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру.<br><br>**1-Апта.Ойын аты: «Құстар біздің досымыз»Міндеті:** Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру, "оригами" үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру. | |
| **Мүсіндеу** | Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету.<br>Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар).<br>Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын | **Мүсіндеу.Міндеті:**Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу. Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету. | Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнау. Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | қалыптастыру. | **2-Апта:Ойын аты:«Жас ғалымдар»Міндеті:** Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру**.** Табиғи материалдардан түрлі әуе шарларды жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. | |
| **Жапсыру** | Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдану.<br>Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу.<br>Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал жасау. | **Жапсыру,Міндеті:**Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту.Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету.<br><br>**3-Апта: Ойын аты: «Гүлдерге күтім жасау»Міндеті:** Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға үйрету. | Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, |
| **Музыка** | **Музыка тыңдау:**<br>Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету.<br>**Ән айту:**<br>Әнді бірге бастап,бірге аяқтау.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.** | **Музыка тыңдау.**Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, күйші-композиторлар: Дина Нұрпейісова,Ықылас Дүкенұлы шығармаларымен таныстыру.Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру.Өмірдің кейбір | **Музыка тыңдау.**<br>Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, күйші-композиторлар: Дина Нұрпейісова,Ықылас Дүкенұлы шығармаларымен таныстыру.Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Қазақ халқының би өнерімен таныстыру.Музыкалық сүймелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау.<br>**Музыкалық аспаптарда ойнау.** Металафон аспабымен ырғақпен қағып ойнату.<br>**№ 24 Музыканы тыңдау-қабылдау.**<br>**«Торғайлар, Келіңдер» әні. 1-апта**<br>**Мақсаты:** Балаларды табиғаты аялауды, түсіндіру құстар жайында балаларға ән орындап үйрету..<br>**№ 25 Музыкалық дидиктикалық ойын:**<br>**«Музыкалық үй» ойыны. 2-апта**<br>**Мақсаты**: Музыканың түрлерін ажырату, қабілетін арттыру.<br>**№ 26 «Металлафон» аспабы ырғақпен қағу.**<br>**3-апта**<br>**Мақсаты:** Аспапты қағып ойнаудың қарапай дағдыларын үйрету.<br>**№ 27 «Қара жорға» би 4-апта**<br>**Мақсаты**: Музыкалық сүймелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау. | құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығараларымен таныстыру. Ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге қызығушылығын арттыру. Шығармашылық дағдыларды қалыптастыру барысында үнемі күй қойып отыру<br>**Ән айту:**Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу.<br>**Би шығармашылығы.** Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.<br>**Балалар музыкалық аспатарында ойнау.**Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық асатарды қолдану. Барабан және металлафон аспаптарымен қарапайыйм әуендерді ойнау.<br>**«Теңіз бен бұлақ» ойыны 1-апта:Ойынның мақсаты:** Балаларды созылмалы және қысқа дыбыстарды ажыратуға үйрету.<br>**Картотека№31 «Әуенді релаксация:** | қалыптастыру.Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығараларымен таныстыру. Ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге қызығушылығын арттыру. Шығармашылық дағдыларды қалыптастыру барысында үнемі күй қойып отыру<br>**Ән айту:**<br>Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу.<br>**Би шығармашылығы.**<br>Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.<br>**Балалар музыкалық аспатарында ойнау.**<br>Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық асатарды қолдану. Барабан және металлафон аспаптарымен қарапайыйм әуендерді ойнау<br>**картотека №30 «Теңіз бен бұлақ» ойыны 1-апта**<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды созылмалы және қысқа дыбыстарды ажыратуға үйрету.<br>**картотека№31 «Әуенді** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | **Көктем» 2-апта:Ойынның мақсаты:** Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру. Музыка арқылы балаларға бейнені елестетуді үйрету.Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығараларымен таныстыру.<br><br>**Картотека №32 «Үш би» (а,ә). 3-апта:Ойынның мақсаты:** балалардың би жанрларын (полька, ұлттық би, вальс) ажырата білуге, би түрлерін есте сақтауға, әуенді естіп қабылдауға баулиды.<br><br>**Картотека.№33 «Әуенді таяқшалар» ойыны. 4-апта:Ойынның мақсаты:** балаларға күйді тыңдай отырып, ритмді қайталауға үйрету; ойын арқылы музыкаға деген қызығушылықтарын арттыру; музыканы эмоционалды сезіне білуге тәрбиелеу; шығармашылық | **релаксация: Көктем» 2-апта**<br>**Ойынның мақсаты:** Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру. Музыка арқылы балаларға бейнені елестетуді үйрету.<br>Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығараларымен таныстыру.<br>**картотека №32 «Үш би» (а,ә). 3-апта**<br>**Ойынның мақсаты:** балалардың би жанрларын (полька, ұлттық би, вальс) ажырата білуге, би түрлерін есте сақтауға, әуенді естіп қабылдауға баулиды. картотека<br>**№33 «Әуенді таяқшалар» ойыны. 4-апта**<br>**Ойынның мақсаты:** балаларға күйді тыңдай отырып, ритмді қайталауға үйрету; ойын арқылы музыкаға деген қызығушылықтарын арттыру; музыканы эмоционалды сезіне білуге тәрбиелеу; шығармашылық |
| **Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру** | Өсімдіктер әлемі.<br>Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көгөністер мен жемістердің, бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану.<br>Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына | **«Еңбегі адал-жас өрен»**жобасы.Білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу.**Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру:** балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және қоршаған әлеммен таныстыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырыл. | **«Үнемді тұтыну»**, «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты карауды қалыптастыру<br>**Еңбегі адал жас өрен:** үй жануарлары мен үй өсімдіктеріне күтім жасау<br>**Қауіпсіздік ережесі** Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар) білу, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | қызығушылықтарын қалыптастыру.<br>Жануарлар әлемі.<br>Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.<br>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.<br>Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. | **Заттық әлем.Міндеті**:Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру. Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай білуді жетілдіру.<br>**Еңбекке баулу.Міндеті**:Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау. Топты және ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу.**Табиғат құбылыстары:Міндеті:**Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, қар, бұршақ, кемпірқосақ, боран) кеңейту.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие:Міндеті:**Баланың әрекеттерін қолдауға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге, айналасында болып жатқан жағдайларды ой елегінен өткізіп, өзінің әділ пікірін білдіруге баулу. Қарапайымдылыққа, мейірімділікке және әділдікке, ересектерге құрмет көрсетуге, кішілерге көмектесуге тәрбиелеу. Жағымсыз қылықтары үшін ұятты сезіне білуге, ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауға баулу.<br><br>**1-Апта;Ойын аты: «Досымен таныстым»Міндеті:** бала өзінің "Мен" бейнесін көрсетеді, ойын ашық айтады, | бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер қозғалыс ережелерін сақтау. ("Балалар", "Автобус аялдамасы", "Метро аялдамасы", "Жаяу жүргіншілер жолы") жол белгілерімен таныстыру<br>**Бала, оның отбасы, үйі.** Еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсіну, өзін-өзі құрметтеу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру.<br>**Еңбекке баулу.** өзі мен құрдастарының еңбегінің, шығармашылық әрекеттерінің нәтижелерін бағалауға және құрметпен қарауға, кішілерге көмек көрсетуге, қажет болған жағдайда оларға жүгінуге баулу<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.** Қазақ халқының киіз үйінің маңыздылығын, оның құрылысы мен ішкі жабдықтарын білу.Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері Тоқтар Әубәкіров,Талғат Мұсабаевті білу, оларды құрметтеу.<br>**Табиғатпен таныстыру** Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың маңызын түсіну.<br>**Өсімдіктер әлемі.** Нанға ұқыпты қарауға, бидайды өсіруге және өндіруге қатысатын адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **Жануарлар әлемі.** Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | өзінің пікірін білдіреді, өзімен санасқанды, өзін құрметтегенді ұнатады;<br><br>**2--Апта; «Көктем келді»Міндеті;** Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, қар, бұршақ, кемпірқосақ, боран) кеңейту.<br><br>**3-Апта;Ойын аты:«Атам мен әжеме көмек» Міндеті:**Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау.<br><br>**4-Апта;Ойын аты: «Бағбандар мен Гүлдер» Міндеті:**Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: жемістер, көгөністер, жидектер (орман, бақша), гүлдер (бөлме, бақша, шабындық), бұталар және ағаштар (бақша, орман). | білу, оларды күтіп-баптау,жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау, жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау.<br>**Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы; үйдегі** балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету.<br>**Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу;** Мобильді құрылғыларды қолдану кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін білу (күніне ата-аналардың рұқсатымен 30 минуттан артық емес мобильді құрылғыларды қолдану). |

Әдіскер:  Хакимжанова Д.

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ 2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

**Білім беру ұйымы:** "Бақжан" бөбекжай-бақшасы «Бағым» филиалының
**Тобы:** «Сұңқар» аралас тобы
**Балалардың жасы: 3,4,5** жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі:** мамыр айы, 2025-2026 оқу жылы

| Ұйымдастырылған іс әрекет | Ортаңғы топ ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Ересек топ ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Мектепалды топ ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|---|
| **Физикалық қасиеттерді дамыту**<br><br>**Дене тәрбиесі** | **Негізгі қимылдар:**<br>Жүгіру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру; белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру.<br>**Ырғақтық жаттығулар.** Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. | **Спорттық жаттығулар**<br><br>Велосипед тебу. Екі және үш дөңгелекті велосипед тебу. Оңға, солға бұрылу.<br><br>Жүзу. Суға түсу, суда ойнау; суда отырып, аяқтарын жоғары және төмен көтеріп қимылдар орындау; иекке дейін суда отыру, судан шығу; бетін суға малу; еркін әдіспен жүзуге талпыну.<br><br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары**<br><br>Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: дымқыл шүберекпен сүртіну, аяқтарды, денені шаю, әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен, жылы күндері шөптің, құмның үстімен жалаң аяқ | **«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»** ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. (Бестемше, Тас қала, Қыз қуу, Асық ату, Шаңырақ, Теңге алу, Бес тас, Шертпе тас, Тоғыз құмалақ т.б.) «Дарабоз» (тәрбиеленушілердің арасында 2- апта)«Жарысқа шық, жанұя» (ата-аналардың арасында 3-апта)<br>**«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»**<br>**-«Омпы» ойыны**<br>Асықты көп ұтып алу.<br><br>**-«Шертпегімді тап» ұлттық ойыны**<br>Ұлттық ойындарды бала бойына сіңіру.<br><br>**-«Шертпегімді тап» ұлттық ойыны**<br>Ұлттық ойындарды бала бойына сіңіру. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.<br>Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру.<br>**«Ұлттық ойын ұлт қазынасы»**<br>**«Тақия тастамақ»** Балаларды жылдамдыққа, тапқырлыққа, шапшандық қасиеттерін дамыту.<br>**«Ақшамшық» (сақина са-лу**) Баланың зейінін тапқырлығын дамыту.<br>**«Теңге алу»** Балаларды ұлттық ойын арқылы татулыққа, адамгершілікке баулу.<br>**«Тышқан мен мысық»** Балаларды жылдамдыққа, шапшаңдыққа аңғарпаздыққа баулу. | жүру. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.<br><br>- **Өткенді қайталау.**<br><br>**«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»**<br><br>-**«Бес кеней» ойыны.** Бүлдіршіндердің ойлау қасиетін дамыту, асық ойынынжан-жақты дамыту.<br>-**«Бес кеней» ойыны.** Бүлдіршіндердің ойлау қасиетін дамыту, асық ойынынжан-жақты дамыту.<br>-**«Үш асық» ойыны.**Бүлдіршіндердің ойлау қасиетін дамыту, асық ойынын жан-жақтыдамыту.<br>-**«Қалашық» ойыны.** Асықтар мен ұпай жинай білу.<br><br>**Еңбегі адал жас өрен,** өзіне-өзі қызмет көрсету. | -**«Мергендер» ойыны .** Асық ойынын дамыту. Асық ұтып алып ұпай жинау.<br><br>**Еңбегі адал жас өрен,** өзіне өзі қызмет көрсету. |
| **Коммуникативтік дағдыларды**<br><br>**дамыту**<br><br>**Тіл дамыту** | **«Өнегелі 15 минут»** Қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.<br>**Сөздік қор.**<br>Балалармен ән айту, би билету, жұмбақ | **«Өнегелі 15 минут»** ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға, Мабильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, алып оқыу, суреттерді қарауға, табиғат дамытушы ортада құстарды, балықтарды | **Байланыстырып сөйлеу.**<br>Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру,әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | шешкізу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту. | қоректендіруге мүмкіндік беру. Ата-ананың үйде балабақшада балаға көңіл бөлуіне жағдай жасауересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру;<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**.<br><br>Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтармен жаңылтпаштар айтқызу<br><br>Фонематикалық қабылдау дағдыларын қалыптастыру. Белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету.<br>**Сөздік қор.**<br><br>Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен(ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол,оң, қатар, жанында, арасында), тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарама-қарсы антоним сөздермен байыту.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**<br><br>Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйретуді жетілдіру<br><br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br><br>Балаларды әңгіме айтуға үйрету: оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға | және сабырлы болу. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру. Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | баулу.Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауды үйрету. | |
| **Көркем әдебиет** | **«Ұшқыр ой алаңы» жобасы**<br>Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді, жатқа айтуға үйрету. | **«Балалар кітапханасы»**-жобасы<br>Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту.алаларға жастарына сәйкес тыңдауға, сахналауға, тәрбиелік мәні бар әдеби шығармаларды үйрету.<br>Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға,шығарма мазмұнымен сипатына сәйкес<br>тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға,кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру,санамақ,жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу,айтыс өнеріне баулу.Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауды үйрету | Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау. Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтікТіл дамыту., кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. |
| **Сауат ашу негіздері** | | | Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Буын |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету. |
| **Қазақ тілі** | **«Апта дәйексөздері»** аптаның дәйексөздері.<br>**1-апта** «Күннің көзі ортақ, жақсының сөзі ортақ»<br>**2-апта** «Бірлік жоқ болса ұйым жоқ, ұйым жоқ болса күнің жоқ»<br>**3-апта** «Жалғанда ойлап тұрсаң бірлік керек, бірлікті ойлау үшін тірлік керек» (Төле би)<br>**4-апта** «Тату елге тыныштық пен тоқшылық нәсіп» (Күлтегін)<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>Балалардың өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға баулу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту.<br>**Сөздік қор.**<br>Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға, зат есім және сын есім, зат есім және етістік үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға | **«Апта дәйек сөздері»** аптаның дәйексөздері ақпараттық стендттерде,Led-экрандарда, коридордағы теледидарларда орналастыру<br>**«Бірлік және ынтымақ» айы. 1. «Күннің көзі ортақ,Жақсының сөзі ортақ.» 2. «Бірлік жоқ болса ұйым жоқ, ұйым жоқ болса күнің жоқ.» 3. «Жалғанда ойлап тұрсаң бірлік керек, бірлік ойлау үшін тірлік керек.» 4. «Тату елге тыныштық пен тоқшылық нәсіп.»**<br>**Тілдік дамытушы орта**<br>Түрлі балалар әрекеттерін де өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіруге және дәлелдеуге баулу<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**<br>Артикуляциялық және дауыс аппаратын,сөйлеуде тыныс алуды,фонематикалық естуді,анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту.Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.<br>**Сөздік қор**<br>Тыңдалған шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізе білуге,еркін ойындарда кейіпкерлердің бейнесін басқа қырынан көрсете білуге | Туыстық қарым-қатынасты («бауыр», «немере», «шөбере», «ағайын», «туысқан», «жеті ата») білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары, татулық, жақындық, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу. Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулу. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | баулу. | мүмкіндік беру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**<br>Үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.<br>**Байланыстырып сөйлеу**<br>Бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға,бір-бірімен еркін диалог құруға,еркін талқылауға мүмкіндік беру. | |
| **Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту**<br><br>**Сенсорика / Математика негіздері** | **Сан.**<br>Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, "Тең бе?", "Қайсысы артық (кем)?" сауалдарына жауап беру<br>**Шама.**<br>Шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу.<br>**Геометриялық пішіндер**<br>Балаларды көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.<br>**Кеңістікте бағдарлау**<br>Өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол.<br>**Уақытты бағдарлау.**<br>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке. | **Жиын:**<br>Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру,заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуін дамыту.<br>**Сан, санау:**<br>«Қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету.<br>5көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру.<br>**Шама:**<br>Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыруға машықтандыру<br>**Геометриялық пішіндер:** | Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету. Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру. Беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш)және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу,сөйлеуде сын есімдерді қолданып,салыстыру нәтижелерін атауды қалыптастыру(ұзындау-қысқалау,кеңдеу-тарлау,жоғары-төмен,қалың-жұқа немесе ұзындығы,ені,биіктігі,қалыңдығы бойынша тең).<br>**Кеңістікте бағдарлау:**<br>Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау,берілген бағытта қозғалуды(алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыруды,заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді пысықтау (менің алдымда үстел,сол жағымда орындық тұр).<br>**Уақытты бағдарлау:**<br>Тәулік бөліктері (таңертең,күндіз,кеш,түн)олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. | |
| **Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту:**<br>**Құрастыру** | **«Smart bala» жобасы**<br>Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі | **Құрылыс материалдарынан,«лего»конструкторлардан құрастыру:**<br>Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып,пластиналарды тігінен және кірпіштерді,бөлшектерді көлденеңінен | Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | бойынша, ойдан құрастыру. | орналастыру,құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату және атау,оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру,құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау дағдысын дамыту.<br>**Қағаздан құрастыру:**<br>«Оригами»үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыруын дамыту.<br>**Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру:**<br>Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру.Шығармашылық қиялдыдамыту,көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап,ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.Қауіпсіздік ережелерін сақтауды қалыптастыру. | |
| **Сурет салу** | Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. Сурет салу кезінде борды, қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. | Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тік бұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту.<br>Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік,бұта ағаштан аласа,гүл бұтадан аласа.<br>Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер біріздiлігін,олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау,2-3элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды | Балалардың суретте қарапайым сюжеттерді: әлеуметтік оқиғаларды, қоршаған өмірдегі оқиғаларды, мерекелерді, адамдардың еңбегін, ертегілердің, өлеңдердің, әндердің желісін жеткізе білуін жетілдіру. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру.Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту. | |
| **Мүсіндеу** | Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.<br>Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. | Мүсінделген заттың,фигуралардың бетін тегістеуге үйрету.<br>Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу,оларды орналастыру,пропорцияларды сақтау,бөліктерді біріктіру.<br>Балалардың көлемді пішіндермен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. | Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану. |
| **Жапсыру** | Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу. | Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру.Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру.Шығармашылық қиялды дамыту.<br>Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау,жұмысты ұқыптылықпен орындау. | Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау. |
| **Музыка** | **Тақырыбы: «Білімім-Отаныма!»**<br>**Музыка тыңдау:**<br>Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра бөлуді қалыптастыру.<br>**Ән айту:**<br>Әнді аспаптың сүймелдеуіне ілесе ән айту.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.**<br>Ойындарда таныс би қимылдарын қайталау.<br>**Музыкалық аспаптарда ойнау.**<br>Балаларға арналған музыкалық | **Музыка тыңдау.**<br>Таныс шығармаларды білу. Әндерді иллюстрацияларды көрсету мен және қимылдармен сүйемелдеу.<br>**Ән айту.**<br>Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Қысқа музыкалық фразалар | **«Күй күмбірі»**, балаларды балабақшаға қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын артыру.<br>**№27. «Үкілі тақия» ойыны 1-апта**<br>**Ойынның мақсаты:** аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айту дағдыларын қалыптастыру; |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | аспаптарда ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.<br>**№ 28 Музыкалық ырғақтық қимыл. «Көңілді оркестр» 1-апта**<br>**Мақсаты:** Балаларды аспаппен әуенді сүймелдеуге үйрету. Шығармашылық қабілетін дамыту.<br>**№ 29 Ырғақтық қимыл: «Бипыл» би 2-апта**<br>**Мақсаты:** Ұлттық биді балаларға билеп орындап үйрету.<br>**№ 30 Музыкалық дидактикалық ойын.**<br>**«Әлди-әлди» 3-апта**<br>**Мақсаты:** Ән орындау арқылы ырғақтық қимылдар жасату.<br>**№ 31 Музыкалық дидактикалық ойын:**<br>**«Әуенді сағат» ойыны 4-апта**<br>**Мақсаты:** Үйренген ән, әуендерді есте сақтап, бекіту үшін қолданылады.Әртүрлі көңіл күйдегі әуендерді кіріспесінен немесе үзіндісінен табуға машықтандыру. | арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға үйрету.<br><br>**Балалар музыкалық аспатарында ойнау.**<br><br>Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық асатарды қолдану. Балалар музыкалық аспатарын тану және қолдану.<br><br>**Музыкалық-ырғақты қимылдар.**<br><br>Музыканың нақты ырғағын бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру.<br><br>**Билер.**<br><br>Музыканың көңілді, ойнайқы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау.Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. Ұлттық би үйрету.<br><br>Өткенді қайталау.<br><br>**№4.Дидактикалық ойын: «Үкілі тақия» ойыны 1-апта**<br><br>**Ойынның мақсаты:** аспаптың сүйемелдеуінсіз ән айту дағдыларын қалыптастыру; өтілген әндерді есте сақтауға дағдыландыру; ұлттық мәдениетті түсінуге , құрматтеуге, қызығушылығын арттыру<br><br>**№19.Бізге келген қонақтар 2-апта**<br><br>**Мақсаты:** . Барабан, металлафон, сылдырмақ аспаптарында қарапайым | Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Өтілген әндерді есте сақтауға дағдыландыру; ұлттық мәдениетті түсінуге , құрматтеуге, қызығушылығын арттыру.<br><br>**№28. «Жел менжаңбыр» ойыны2-апта**<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларға үрмелі жене сітемелі музыкалық аспаптарын ажыратуға үйрету.<br>Музыкалық ( асатаяқ, бубен,маракас, қоңырау, сыбызғы, сазсырнай, үскірік т.б.) аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.<br>**№29. «Түрлі түсті шеңберлер» ойыны3-апта**<br>**Ойынның мақсаты:**балалардың би жанрларын (полька, ұлттық би, вальс) ажырата білуге, би түрлерін есте сақтауға, әуенді естіп қабылдауға баулиды.<br><br>**№30. «Түрлі түсті шеңберлер» ойыны4-апта**<br>**Ойынның мақсаты:**балалардың би жанрларын (полька, ұлттық би, вальс) ажырата білуге, би түрлерін есте сақтауға, әуенді естіп қабылдауға баулиды |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | әуендерді ойнату. Дыбыс ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету.<br><br>**№6. Дидактикалық ойын: Әуенді-ырғақты қимыл «Қосарланып билеу» 3-апта**<br><br>**Ойынның мақсаты:** би қимылдары, ойындық музыкалық қимылдарды орындау дағдыларын қалытастыру; жұптасып тұру, секіруге үйрету.<br><br>**№14. Дидактикалық ойын: «Көңілді орындық» ойыны. 4-апта**<br><br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығаруға үйрету; музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдар дыбастау. Шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру. | |
| **Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру Қоршаған әлеммен таныстыру** | **Еңбегі адал жас өрен:** Үй өсімдіктеріне күтім жасау<br>**Бала, оның отбасы, үйі.**<br>Отбасылық қарым-қатынас туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға баулу.<br>**Заттық әлем.**<br>Әртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгеру. | **Бала, оның отбасы, үйі:**<br><br>Жақын туыстарын білуге,олардың есімдерін атауға үйрету,отбасындағы сүйікті адамдары,отбасылық мерекелер,салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу,өзінің жақындарына мақтаныш сезімін білдіру дағдысын жетілдіру.<br>**Заттық әлем:**<br><br>Телефон,компьютер,теледидардың | **«Үнемді тұтыну»**, «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты карауды қалыптастыру<br>Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: жануарлар қозғалады (жүреді, жүгіреді, секіреді, ұшады, қозғалады); қоректенеді (өсімдіктердің жапырақтары, сабағы, бұтақтары, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Көлік, байланыс құралдары.**<br>Жаяу жүргіншілерге арналған қарапайым ережелермен таныстыру.<br>**Еңбекке баулу.**<br>Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**<br>Балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.<br>**Менің Отаным – Қазақстан.**<br>Балаларды өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту.<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану.<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**<br>Ауа-райының жағдайын анықтау суық, жылы, ыстық, табиғат құбылыстарын бақылау.<br>**Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау.**<br>Серуенде жолға шықпау ойын алаңында сумен ойнамау, жануарларға тиіспеу, қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау, бұтақтарды сындырмау қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру. | қолданылуы және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелері туралы білуді. Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу.<br>**Байланыс және қозғалыс құралдары:**<br>Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білудағдыларын қалыптастыру. Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру.<br>**Еңбекке баулу**<br>Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: өсімдіктерге күтім жасау,оларды суару,ауладағы гүлдерді суару.<br>Айналаны қоршаған заттар,ойыншықтар–адамдардың еңбегімен жасалғаны туралы түсінік беру,оған ұқыпты қарауға баулу<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**<br>Ренжіген балаға жанашырлық танытуға және ренжіткен баланың әрекеттерінің әділдігіне көз жеткізіп себебін анықтауға,әділболған жағдайда әрекететен баланың әрекеттерін қолдауға үйрету.<br>**Менің Отаным–Қазақстан.**<br>Отан қорғаушылар,ҚазақстанРеспубликасының әскері туралы ұғымдарын кеңейту.Отанды | қабығы, шырыны, тұқымдарымен, етпен, жәндіктермен); өседі және көбейеді, қоршаған ортаны көз, мұрын, тіл, құлақ, тері көмегімен сезе білу. Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң); қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу ); табиғи-климаттық аймақтар (ақ аю,итбалық, пингвин, жираф, піл, маймыл) бойынша топтастыру. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | сүюге,патриотизмге тәрбиелеу.<br>**Жолда жүру ережелері.**<br>Сюжетті-рөлдік ойындар барысында жол қозғалысы ережелері туралы білімді бекіту.<br>**Өлітабиғат құбылыстарымен заттары.**<br>Ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, су, тас, саздың қасиеттерінанықтау дағдысын бекіту.<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: жемістер, көгөністер,жидектер(орман,бақша),гүлдер(бөлме,бақша,шабындық),бұталар және ағаштар (бақша,орман).<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Құстардың көбеюін салыстыру, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су,жылу,жарық,мекендейтін орнын анықтау дағдысын пысықтау.<br>**Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелерімен нормаларын меңгеруіне ықпал ету.**<br>Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері  туралы түсініктерді кеңейту.Қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениет дағдыларын қалыптастыру. | |

Әдіскер:  Туримбетова Г.К.